

"Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін көтеру немесе төмендету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының міндетін атқарушысының 2005 жылғы 19 наурыздағы N 91-НҚ бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2009 жылғы 16 қаңтардағы N 4-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 14 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5547 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 15) тармақшасына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 43-бабы 1 тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 қазандағы N 943 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі туралы ережесінің 21-тармағының 6) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін көтеру немесе төмендету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының міндетін атқарушысының 2005 жылғы 19 наурыздағы N 91-НҚ бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3530 тіркелген, "Ресми газетінде" 2005 жылғы 7 мамырдағы N 19 нөмірінде жарияланған) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

кіріспедегі:

"монополиялар" деген сөзден кейін "және реттелетін нарықтар" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықтың бірінші абзацындағы "2004 жылғы 28 қазандағы N 1109", "18-тармағының 1) тармақшасына" деген сөздер "2007 жылғы 12

казандағы N 943", "21-тармағының б) тармақшасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "монополиялар" деген сөзден кейін "және реттелетін нарықтар" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың 2) тармақшасының үшінші абзацында "және келісілген" деген сөздер алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Стратегиялық жоспарлау және жиынтық талдау департаменті (Л.С. Ермакалиева) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (Е.О. Есіркепов) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) оны бұқаралық ақпарат құралдарында белгіленген тәртіппен ресми жариялауды қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу Агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары Қ.М. Смағұловқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Н. Алдабергенов

Келісілген:

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б. Жәмішев

2009 жылғы